

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өтеу есебіне қолма-қол ақшаны алып қою туралы акті нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 25 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3814. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы N 38 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.30 N 38 бұйрығымен.

"Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өтеу есебіне қолма-қол ақшаны алып қою туралы акті нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық әкімшіліктендіруі басқармасы (А.М. Қыпшақов) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткізуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрағаның м.а.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Салық
комитеті Төрағасының
2005 жылғы 27 шілдедегі N 344
бұйрығымен бекітілген

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2007 жылғы 7 мамырдағы N 281 (алғаш жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өтеу есебіне қолма-қол ақшаны алып қою туралы акті
200__ ж. "___" _____ N _____

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен камтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-4-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың

(қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесіне сәйкес, агентте банк шотының жоқтығына немесе банк шоттарындағы (шотындағы) ақшаның жеткіліксіз болуына байланысты _____ бойынша Салық комитеті
(о б л ы с , қ а л а , а у д а н)

(салық органы лауазымды тұлғасының аты-жөні, қызметтік куәлігінің N) _____ атынан жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы туралы 200__ ж. "___" _____ N__ хабарлама негізінде, агенттің қатысуымен _____
(аты-жөні, әкесінің аты не агенттің толық атауы, СТН-і)

міндетті зейнетақы жарналары бойынша мынадай сомада берешегі бар:

_____ (санмен және жазумен көрсетіңіз)
_____, міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өтеу есебіне мынадай сомада қолма-қол ақшаны алып қалуды жүргізді:

_____ (санмен және жазумен көрсетіңіз)
оның ішінде:

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектің барлығы	Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешектің сомасы	Өсімақы сомасы

Осы алып қою актісіне, салық органы алған қолма-қол ақша сомасы шегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесінің 9-тармағымен белгіленген тәртіппен агенттерге берілген міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек олардың пайдасына өндіріп алатын әрбір жинақтаушы зейнетақы қор бойынша салымшылардың тізімі қоса беріледі.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер немесе ұйымдардың қызмет көрсетуіне төлеумен байланысты шығындар, банк шотын ашпай міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді жүзеге асырғанда агенттің қаржы есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Сіз салық қызметі органдары лауазымды тұлғасының әрекетіне (әрекетсіздігіне) салық

қызметінің жоғары тұрған органына немесе сотқа шағым жасауға қақыңыз бар.

Салық органының лауазымды тұлғалары:

_____ (лауазымы) _____ (аты-жөні, қолы, күні)

_____ (лауазымы) _____ (аты-жөні, қолы, күні)

агент:

_____ (лауазымы) _____ (аты-жөні, қолы, күні)

_____ (лауазымы) _____ (аты-жөні, қолы, күні)